

ЖШС «Nursultan 7 ясли-сад» қамқоршылық кеңес отырыстарының №5 хаттама

Өткізілген күні: 25.05.2024ж

Тақырыбы: I жартыжылдық қорытындысын шығару

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, хатшысы, кеңес мүшелері, балабақша меңгерушісі және ата-аналар комитетінің өкілдері.

Күн тәртібі: бойынша жиналыс ашылып, қатысушылар тіркелді. Балабақша меңгерушісі ұйымның ағымдағы жағдайы туралы толық ақпарат берді. Балалардың қауіпсіздігі, білім беру сапасы, материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, санитарлық жағдай және ата-аналармен өзара байланыс мәселелері кеңінен талқыланды.

ТЫҢДАЛДЫ:

Меңгеруші ұйым қызметінің негізгі бағыттары туралы баяндама жасады. Баяндама барысында оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын арттыру, балалардың денсаулығын сақтау, қауіпсіз орта қалыптастыру, ата-аналармен серіктестік байланыстарды нығайту жөніндегі жұмыстарға тоқталды. Сонымен қатар балабақшада өткізілетін мәдени-көпшілік іс-шаралар, мерекелік бағдарламалар және тәрбиелік жобалар туралы ақпарат берілді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ұсыныстарын білдірді. Олар балаларға қолайлы жағдай жасау, ойын алаңдарын жаңарту, оқу құралдарын толықтыру, кітап қорын көбейту, қауіпсіздік шараларын жетілдіру және ата-аналардың белсенді қатысуын арттыру мәселелерін көтерді. Әр ұсыныс бойынша пікір алмасу жүргізілді.

ТАЛҚЫЛАНДЫ:

Жиналыс барысында ұйымның даму перспективалары қарастырылды. Қаржылық және ұйымдастырушылық қолдау көрсету мүмкіндіктері талқыланды. Қамқоршылық кеңесі мен ата-аналар қауымдастығының өзара іс-қимыл жоспарын жетілдіру туралы ұсыныстар енгізілді. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған қосымша іс-шараларды ұйымдастыру қажеттілігі атап өтілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Қаралған мәселелер бойынша ұсыныстар мақұлданын.
2. Балабақша әкімшілігімен бірлесіп тиісті жұмыстар жүргізілсін.
3. Ата-аналар қауымдастығымен байланыс күшейтілсін.
4. Балалардың қауіпсіздігі мен жайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар тұрақты бақылауда болсын.
5. Қабылданған шешімдердің орындалуы келесі отырыста қаралсын.

Қосымша талқылау барысында қатысушылар ұйым жұмысының ашықтығын қамтамасыз


ұйымдастыру және әлеуметтік серіктестермен байланыс орнату бойынша ұсыныстар енгізілді.

Жиналыс соңында барлық қатысушыларға белсенділігі үшін алғыс айтылып, қабылданған шешімдерді сапалы орындау қажеттілігі атап өтілді.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:

Мүшелері:

 Ж.М. Казыханова
 А.С. Утегенова
 Назбекова А
 Кожабасева С
 Сарбасова Г
 Хусайнова С
 Хамзина С
 Камытбек А